ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН

2024 жылғы 23 тамыз 7119-24-00-2/10395 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Т.Шамшильдин оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібінде келесі талап бойынша азаматтық істі қарады

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
"Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының 5573 әскери бөлімі" республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер «KABYLBEKOV» тұлғасында Нұрдәулет Ұлұғбекұлы Қабылбеков

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1. мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2. айыппұлды өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:
АПК-нің 223-226, 229-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

"Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының 5573 әскери бөлімі" республикалық мемлекеттік мекемесінің жеке кәсіпкер «KABYLBEKOV» тұлғасында Нұрдәулет Ұлұғбекұлы Қабылбековқа мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызы –қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «KABYLBEKOV» тұлғасында Нұрдәулет Ұлұғбекұлы Қабылбеков мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «KABYLBEKOV» тұлғасында Нұрдәулет Ұлұғбекұлы Қабылбековтан мемлекет пайдасына 718 (жеті жүз он сегіз) теңге айыппұл

сомасы, 1868 (бір мың сегіз жүз алпыс сегіз) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде тараптар шағым жасалуы немесе апелляциялық тәртібімен прокурор наразылық білдіруі мүмкін.

Судья Т. Шамшильдин

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
- Сот өндірісі -
- Судопроизводство -
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»

Құжатқа қол қойылған: Шамшильдин Т., 23.08.2024

Заңды күшіне енген күні: 30.09.2024, судья Шамшильдин Т., 30.09.2024

7119-24-3-1/9689